



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Жақсы ауылы

село Жақсы

2013 ж. 29.08 № а-81308.

«Жақсы ауданының білім беру
бөлімінің «Ғ. Эбдирахманұлы
атындағы Қима орта мектебі»
мемлекеттік мекемесінің жаңынан
мектепке дейінгі шағын орталық
ашу туралы»

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қантарындағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзі-өзін басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бектілген мектепке дейінгі білім беру үйымдарының қызметі туралы Типтік ережелеріне, Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2013 жылдың 29 мамырьындағы № 206 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі үйымдардың жұмысын үйымдастыру туралы Типтік ережелеріне сәйкес және білім беру үдерісін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуудың орта біліммен сабактастыры жолымен қамтамасыз ету мақсатында, Жақсы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жақсы ауданының білім беру бөлімінің «Ғ. Эбдирахманұлы атындағы Қима орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің жаңынан (бұдан әрі –ММ) 3-5 жасар балалар күніне 4 сағаттан болатын, аптасына 5 күн жұмыс істейтін мектепке дейінгі шағын орталық ашылсын.

2. Мемлекеттік басқару органы ретінде «Жақсы ауданының білім беру бөлімі» ММ (бұдан әрі-мемлекеттік басқару органы) белгіленсін.

3. Мемлекеттік басқару органы жоғарыда аталған Мемлекеттік мекемесінің Жарғысына іс жүзіндегі заңнамаларға сәйкес тиісті толықтырулар енгізсін.

4. «Жақсы ауданының білім беру бөлімінің Ғ. Эбдирахманов атындағы Қима орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің шағын орталығын ашу үшін штаттық кестеге республикалық бюджеттен «Жақсы ауданының білім беру

бөлімі» ММ үшін қосымша бірліктер енгізілсін; тәрбиешінің -1 ставкасы; тәрбиеші көмекшісінің - 0,5 ставкасы.

5. Осы қаулының орындаулын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Жапаровқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Жаңы ауданының әкімі

Қ. Сүйіндіков

